



BÜGÜNGI SANDA

ӘН ПАДИШАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ АРНАЛДЫ

ҚОЖАМБЕРДІ БАТЫР

ЖАСТАРДЫҢ ЖҮЙКЕСІ ЖҮН, ЖІГЕРІ ҚҰМ. КІНӘЛІ КІМ?

2»

3»

6»

Jastar keñesi

Сейсенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен жастар кеңесінің отырысы өтті. Жиында мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру жұмыстары талқыланды. Мәжілісті ашқан облыс әкімі Мемлекет басшысының Жолдауы аясында 2019 жыл «Жастар жылы» болып жарияланғанын атап өтті.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

БАҒЫТ – АЙҚЫН, МАҚСАТ – АНЫҚ үйлестіру шараларында ұтқырлық арта түсуі тиіс

Жастар арасында қалыптасқан әлеуметтік проблемаларды шешу, табысты, бәсекеге қабілетті және ұлтжанды жас қазақстандықтарды қалыптастыру – ағабуынның міндеті. Осы мақсатта Қызылорда облысының мемлекеттік жастар саясатын дамытудың 2021 жылға дейінгі Жол картасы бекітіліп, онда жұмысқа орналасу, тұрғын үй, білім алу, бос уақытын тиімді өткізу сынды жастардың өзекті мәселелері қарастырылған. Жыл сайын 100 дарынды да талапты ауыл балалары, оның ішінде, аз қамтылған және көпбалалы отбасынан шыққан жастар еліміздің белді жоғары оқу орындарында облыс әкімінің грантымен білім алуға. Биыл біз мұндай гранттардың санын екі есеге өсіріп, 200-ге жеткіздік, – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ, 2018-2019 жаңа оқу жылында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Сыр өңірінде кәсіптік мамандықтарға 500 грант бөлінді.

Жастарды қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың бірі – «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы». Жалпы, «Бағдарламаға қатысушыларды техникалық және кәсіптік біліммен, қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қамтамасыз ету» бағыты бойынша аймақтағы 20 кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарында жастар 16 кәсіби емес мамандық бойынша білім алуға.

2018-2019 жаңа оқу жылына 500 орынға мемлекеттік тапсырыс бөлінді. Елді мекендерден шалғай орналасқан білім беру ұйымдарына барып-қайтуы үшін материалдық көмек те қарастырылған. Нәтижелі жұмыс істеп, колледж бітірушілерін жұмыспен қамту көрсеткішін жоғарылату, оқу орындарының материалдық-техникалық базасы мен оқытушылардың сапалық

деңгейін арттыру, өңірде жұмысшы мамандарды даярлау бойынша белсенді жұмыс жасауымыз қажет, – деп атап өтті облыс әкімі. Бүгінде аймақтағы жалпы саны 700 мыңнан астам халықтың 24%-і – жастар, олардың ішінде 190 мыңнан астамы 14-29 жас аралығында, ал экономикалық тұрғыдан белсенділері 110 мыңнан асады.

Жиында облыстық жастар саясаты басқармасының басшысы Қуаныш Жанұзақов аймақтағы жастарды қолдау жөніндегі шараларды жүзеге асыру барысы жайлы баяндады.

Айта кету керек, Қызылорда облысы республикада алғашқылардың бірі болып «NEET» категориясындағы жастармен жұмыс жасаудың кезеңдік жоспары мен «2021 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатын дамытудың жол картасын» қабылдады.

Өткен жылы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің орташа көлемі 4,3 процентті құрап, тоқсан сайынғы көрсеткіш артқан болса, биыл тоқсандық көрсеткіштердің тұрақтылығы сақталды. Аймақтағы NEET санатына жататын жастар санының жылдық көрсеткіші төмендеп келе жатқаны байқалады. Атап айтқанда, 2016 жылы 14,1 процентті құраса, 2017 жылы 9,5, биылғы жылдың екі тоқсанында 9,3 проценттен 8,3-ке төмендеп отыр, – деді ол.

Көрсеткіштердің төмендеуіне NEET санатындағы жастармен жұмыс жасау бойынша іс-шаралар жоспарының, облыс бойынша мемлекеттік жастар саясатын дамытудың 2021 жылға дейінгі Жол картасының бекітіліп жүзеге асырылуы он ықпалын тигізген. Сондай-ақ, Білім және ғылым министрлігі мен Дүниежүзілік банктің бірлескен «ZhasProject» жобасы аясында облыста 266 жоба қолдау тауып, 900-ге жуық жастар жұмысқа орналасқан.

2-бет

«ҮМІТ» ҮЙІНІҢ СЫРҒА САПАРЫ

НЕМЕСЕ ӨҢІРДЕГІ ТӘЖІРИБЕГЕ ӨЗГЕЛЕР ДЕ ҮНТАЛЫ

Шығыс Қазақстан облысының «Үміт» балалар үйінің тәрбиеленушілері Қызылордаға келді. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев олармен кездесіп, ыстық ықыласын білдірді.

Шынар БЕКБАН, Гаиза ӘБІЛДА.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өтіп жатқан шараға «Үміт» балалар үйінің 50 тәрбиеленушісі қатысты.

Қызылорда облысында 200 мыңнан астам бала тұрады, оның 150 мыңы мектеп оқушылары. 2014 жылдан бастап 510 түлек Ресейдің Үкіметі есебінен Мәскеу мен Санкт-Петербургтың беделді жоғары оқу орындарының гранттарына ие болды. Олардың ішінде балалар ауылының бұрынғы тәрбиеленушісі Наргиз Қашапова да бар. Дарынды балаларға, республикалық және халықаралық олимпиадалардың, ғылыми жобалардың жеңімпаздарына «Сыр дарыны» медалін табыстаймыз. Біздің елімізде білім алу үшін барлық жағдай жасалған. Сіздердің араларыңызда дарынды балалар да бар, олар өз талантымен талай жетістікті бағындырады. Сіздерге Ұлы идеялар мен табысты жетістіктердің қозғалуы күші болуға тілектеспіз, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі, сондай-ақ, балалардың сұрақтарына жауап беріп, оларға естелік сыйлықтар табыс етті.

Барлық үміткердің атынан Сізге жылы қабылдауыңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз бұрыннан қонақжай Қызылорда жеріне баруды, өлкенің сұлулығын көруді армандаған едік. Мұнда біз жаңа таныстар таптық және оларды шығыста көруге әрдайым



қуаныштымыз, – деді «X-Factor.kz» телевизиялық музыкалық жобасының V маусым жеңімпазы Евгений Выблов.

Облыс әкімінің қабылдауынан бұрын «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылында Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарының жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары тәрбиеленушілері арасында «Ұлт руханиятының алтын қазығы – Сыр елімі!» атты достық көпірінің ашылу салтанаты өтті.

Осы және басқа да балалар үйінің тәрбиеленушілері ел өңірлеріне саяхаттауда. Мұндай сапарлар балаларды отансүйгіштікке, елжандылыққа баулуға, таным көзге иегін кеңейту мақсатында ұйымдастырылған. Балалар

Qurmet

ТОҚСАН СЕГІЗДІҢ ТӨРІ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Ұлы Отан соғысының ардагері Бөрібай Құлмановтың үйіне барып, туған күнімен құттықтады.

Назерке САНИЯЗОВА.

Б. Құлманов бүгінде тоқсан сегіздің төріне шығып отыр. Ол – бір емес, екі бірдей соғыстың куәгері. Ұлы Отан Соғысында Беларусь, Польша, Германия майдандарында соғысты. Соғыс аяқталған жылы Қытайда және Шығыс Түркістан Республикасында құпия миссия атқарды. Елге оралғаннан кейін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында қызметте болды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де Қызылорда экспериментальді-механикалық жөндеу заводында қызмет атқарды. Осындай ел мүддесі жолындағы еселі еңбектері үшін Бөрібай Құлманов ағамыз «Қызыл жұлдыз», «Отан соғысы» және «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Құрмет» ордендерімен, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Аймақ басшысы ардагермен әңгімелесіп, ізгі тілегін жеткізді.



– Сіз – өнегелі өміріңізбен баршаға үлгі бола білген еңбегіңіз халық игілігіне айналған. Отан үшін от кешкен ерлігіңіз жас ұрпаққа ұран болған адамсыз. Сізді Сыр өңірі жұртшылығы атынан шын жүректен құттықтаймын, – деді облыс әкімі.

Өңір басшысы облыстың Құрмет грамотасын табыс етіп, нығыз шапан жапты. Мерейлі күні қуанышына ортақтасып, мерейін тасыған қонақтарға асақал ризашылығын білдірді.

СЕКСЕН ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕС

Сейсенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Самит Далдабаевты қабылдап, 80 жасқа толуымен құттықтады.

Айнұр БАТТАЛОВА.



– Сыр өлкесі арғы бергі тарихымызда еліміз үшін аянбай еңбек етіп, өзінің адалдығымен, парасаттылығымен ел аузында, халықтың он назарында жүрген азаматтарға кенде емес. Осындай нар тұлғалы азаматтарымыздың бірі де бірегейі – Самит Далдабаев ағамыз. Түрлі жауапты қызметтерді атқара отырып, өзін білікті басы және елінің нағыз ұлтжанды азаматы екенін көрсете білді. Бүгінгі күні де аймағымыздың қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласып, жастарды елжандылық тәрбиелеп келеді, – деді аймақ басшысы.

Самит Далдабайұлы 1938 жылы Жалағаш ауданы, Еңбек ауылына қарасты Ынтымақ елді мекенінде дүниеге келген. Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын, Жоғарғы партия мектебін бітірген. Еңбек жолын Тереңөзек ауданында бас мал дәрігері болып бастап, кейін аудандық мал дәрігерлік станциясының бастығы болды. 1965-1974 жылдары Тереңөзек аудандық кеңесі атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, Жалағаш аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, 1975-1979 жылдары Сырдария аудандық кеңесі атқару комитеті төрағасы, 1979-1989 жылдары Жаңақорған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1989-1991 жылдары облыстық партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқарды. 1992-1997 жылдары Жалағаш ауданының әкімі, 1998 жылы облыстық тәртіптік кеңес төрағасы болды. Жалағаш, Сырдария және Жаңақорған аудандарының Құрметті азаматы Самит Далдабаев «ҚР Еңбек сіңірген қайраткері» атағының және «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы», «Құрмет» ордендерінің иегері.

Облыс әкімі Самит Далдабайұлына облыстың Құрмет грамотасын табыс етті. Дәстүрге сай иығына шапан жауып, сый-құрмет көрсетті. Шарада, сонымен бірге, мерейлі иесін еңбек ардагерлері Тұрғанбай Маханов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев құттықтады. Өз кезегінде Самит Далдабаев облыс басшылығына, әріптес-мамандарына ыстық ықыластарына алғысын білдірді.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Жуырда табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің облыстық департаменті қоғамдық тыңдау өткізді.

Оған жергілікті атқарушы органдар, «Атамекен» ҰКП, қоғамдық бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері мен тұтынушылар қатысты. Қоғамдық тыңдау барысында тұтынушылардан жиналған қаражаттың жұм-

салуды, табиғи монополиялар тарапынан инвестициялық бағдарламалардың орындалуы сияқты мәселелер сөз болды.

Айта кетейік, мұндай шаралар Елбасы Жолдауынан туындаған міндеттер аясында ұйымдастырылып келеді.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 24-сессиясы 2018 жылғы 13 қарашада сағат 15:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) мәжіліс залында ашылды. Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады: 1. «2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №

157 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

2. Қосымша мәселелер. Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы 13 қарашада сағат 10:30-да өткізіледі.

Облыстық мәслихат.

БАСПАСӨЗ – 2019

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2019 жылдың бірінші жартыжылдығына "Сыр медиа" ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу науқаны жүргізілуде.

Облыстық "Сыр бойы" газетінің жазылу бағасы: **жекелер үшін: 6 айға – 3000 теңге, 12 айға – 6000 теңге.** ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ-65460. **Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге, 12 айға – 8000 теңге.** ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 15460.

Ел және жаһан жаңалықтарын, жедел әрі нақты ақпаратты газет сайтына да таба аласыз.

Баспасөзге жазылу бойынша 40-05-81 телефонына хабарласуға және ондағы мамандардың жазылу жүргізу қызметін үйден пайдалануға болады.



Joldayǵa – qolday

Еліміздің саяси және рухани өміріндегі айтулы оқиғалардың бірі – Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Жаһандық геосаяси кеңістікте еліміздің беделін арттыруда Президент Жолдауларында көрсетілген межелердің алатын орны ерекше екендігін уақыт көрсетіп отыр.



5 қазандағы Жолдаудың он бойында үйлесімді түрде байланыстырып жатқан басты басымдық – қазақстандықтардың әл-ауқатын өсіру. Кең саяси-экономикалық айналымға «қолма-қол ақшасыз экономика» ұғымын енгізе отырып, Мемлекет басшысы халықтың әл-ауқатының басты факторы ретінде жалақының өсіруге баса назар аударды. Ол үшін 1,3 млн адамның еңбекқабілетінің өсуіне қолдау беріліп, 28 мың теңгеден 42 мың теңгеге дейін арттыруды тапсырды. Елбасы атап өткендей бюджеттік мекемелерде жұмыс істейтін 275 мың қызметкердің еңбекақысы көбейіп, ол орта есеппен 35 пайызға өседі. Осы мақсаттарға 2019-2021 жылдарда республикалық бюджеттен жыл сайын 96 млрд теңге бөлу көзделіп отыр.

Елбасы төменгі жалақы алатын қызметкерлердің еңбекақысын

көтеруге қатысты бастамаларды ірі компаниялар қолдайтынына сенімді. Бизнес арқылы жана жұмыс орындары ашылып, қазақстандықтардың басым бөлігі табыспен қамтамасыз етіліп жатса, бұл елдің халықтың мүддесі болып табылады. Осыған орай, қазіргі экономиканың құретамыры саналатын шағын және орта бизнеске қолдау көрсете отырып, табысты болған «Бизнестің 2025 жылға дейін ұзарту керектігін атап көрсетті. Бұл 22 мың жана жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Ұлт Басшысы экспортқа бағытталған индустрияландыру мәселесін экономикалық саясаттың негізгі элементі болуы тиістігін атап көрсетті. Бұл орай-

ЖАҢА МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЙДІ

да Үкімет өңдеу секторындағы экспорттаушыларға қолдау көрсетуге баса мән беруі қажет. Елбасы басымдығы бар жобаларға қолжетімді несиелер беру міндетін шешу үшін Ұлттық банкке кемінде 600 млрд теңге көлемінде ұзақ мерзімге қаржы бөлуге тапсырма берді.

Қазақстан Президенті Жолдауда білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызға дейін көтеруді, мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсартуды, орта білім беру жүйесінде негізгі тәсілдерді өзгертуді, алдағы жылы педагог мәртебесі туралы заңды әзірлеп, қабылдау қажеттігін, жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына талаптардың күшейтілетінін атап көрсетті.

Медициналық қызмет сапасы халықтың әлеуметтік көңіл күйінің аса маңызды компоненті болғандықтан бұл орайда ауылдық жерде алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажеттігін ескертті.

Алдағы жылдан бастап барлық емханалар мен ауруханалар медициналық құжаттарды қағазсыз, цифрлық нұсқада жүргізуге көшуі тиіс. Бұл, Елбасы атап көрсеткендей, 2020 жылға қарай бүкіл тұрғындардың

денсаулық паспорттарын жасауға, кезектерді, бюрократияны жоюға, қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Ұлттың саулығы – мемлекеттің басты басымдығы. Бұл қазақстандықтар сапалы азық-түлікті пайдалануға тиіс деген ұғымды білдіреді. Елбасы осы орайда Үкіметке бірқатар тапсырма берді.

Сонымен қатар, Жолдауда емхана қызметкерлерін ынталандыру үшін 2019 жылдың I қантарынан бастап ауруларды емдеу ісін басқарудың жаңа тәсілдерін енгізген аймақтық медицина қызметкерлерінің жалақысын кезек-кезегенмен 20 процентке көбейту айтылды. Мұнда алғашқы медициналық көмек маңызды рөлге ие болуы тиіс. Бастапқы буын медицина қызметкерлерінің міндеті – ауруларды ерте анықтауды қамтамасыз етіп қана қоймай, пациенттермен бірлесіп халықтың денсаулығын да тиімді басқару. Ол үшін бүгінгі таңда тиісті мамандарды оқумен қамтып, жоспарлы жұмыстарды жүргізу керек. Елбасы өңірлік деңгейдегі резервтерді тауып, бұқаралық спорт пен дене шынықтырудың қолжетімділігін арттыру қажет екендігін де баса айтты. Сондай-ақ, азаматтар сұранысына сәйкес бейімделген мемлекеттік аппараттың міндеттеріне тоқталды. Ең маңыздысы, әрбір қазақстандықтың еліміздегі өзгерістер үдерістеріне ат-

талысуы керек екенін атап көрсетті. Әрбір қазақстандық жүргізіп жатқан реформалардың мәнін және олардың отанымызды өркендету жолындағы маңызын жете түсінуі тиіс. Бұл орайда Нұрсұлтан Назарбаев «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жаппай қолдауға ие болып, қоғамдағы жаңғыру үдерістеріне зор серпін бергенін жеткізді.

Мемлекет басшысы өз сөзінде экономиканың нақты секторын дамытуда қаржы секторының ролін арттыру мен ұзақ мерзімді экономикалық тұрақтылықтағы қаржы секторының ролін арттыру керектігін нақтылады. «Бағаның өсуі, қаржыландыру қолжетімділігі мен банктердің тұрақтылығы халықты ең көп толғандыратын мәселе. Үкімет Ұлттық банкпен бірігіп нақты сектор мен қаржы саласын сауықтырудың жолын табуы керек. Экономиканы қаржыландыруда қатан бақылау керек. Қайтара алмайтын кәсіпорынға несиелер беру керек», – деді Президент. Бұған дейін басты назар өнеркәсіп, көлік, банктер мен экономиканың өзге де салаларын дамытуға бөлінген болса, енді халықтың тұрмысын жақсарту мәселелеріне ден қойылып отыр.

Осы орайда, ең алдымен назар аударғаны – Жолдау азаматтардың тұрмыс-тіршілігіне, өмір-

лік маңызды мәселелерге және әлеуметтік қорғалуына бағдарлануы болды. Менің ойымша, Үкімет қызметінің адамды дамытуға және қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталуы – аса назар аударуға тұрарлық әрі құптарлық іс.

Жолдауда отбасы мен жастар мәселесі, отандастарымыздың табыс табу деңгейі, республикамыз бойынша жолдар мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, шағын бизнесті қолдау, әлеуметтік саланы дамыту, сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғырту, ауыл шаруашылығы мен экология сияқты өзекті мәселелер қозғалған. Осының бәрі көрсетілген Жолдау біздің еліміздің өмір сүру сапасын арттырудың жаһандық стратегиясын білдіретін деп нық сеніммен айтуға болады.

Сонымен бірге бұл Жолдаудағы барлық атап көрсетілген тапсырмалар қазынашылық департаменті ұжымында қызу талқыланып, әріптестер өз ойларын ортаға салып, бекітілген межелердің уақытында орындалуына біздің департамент ұжымы да атсалысатын болады.

Ә.ДҮЙСЕБЕКОВ,
облыс бойынша қазынашылық департаментінің басшысы.

«ҮМІТ» ҮЙІНІҢ СЫРҒА САПАРЫ

Шара барысында Лиза Ысқакова «Үміт» балалар үйінің директоры Майра Бейсекановаға Сүйр өңіріндегі сапарын ұмытпас үшін балалар ауылының логотипі белгіленген статуетка табыстады. Ал балалар өз өнерлерін көрсетіп, спорттағы, білімдегі, өнердегі жетістіктерімен бөлісіп, жас қонақтармен қосылып флешмоб биледі.

Ертеңіне балалар Қорқыт ата мемориалдық кешенінде болып, «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы мұражаймен танысты. Сонымен қатар, облыстық тарихи-өлкетану музейінен өңірдің тарихы туралы жәдігерлерді көзбен көрді. «Атамекен» балалар ауылында бірлесіп концерт өткізіп, көрермендерге ұмытылмас әсер сыйлады. Ал, сапардың үшінші күні балалар Түркістан облысындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне саяхаттап, «Ұлағат ұландары» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен ойын-сауық шараларын өткізіп, табиғат аясында серуендеді.



Осы шараның барысында облыс әкімдігінде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары басшыларының республикалық кеңесінің кеңейтілген отырысы өтіп, онда «Балалар үйін қайта құру: бірінші тәжірибе және оның дамуы» тақырыбы талқыланды.

Осы ретте «Жүрекке ұялаған үміт» деректі фильмі көрсетілді. Отбасыларды жан-жақты қолдау орталығы қоғамдық қорының жетекшісі Шолпан Байғабылова Алматы қаласындағы балалар үйін қайта жаңғырту жұмыстарының нәтижесін ортаға салып, тәжірибесімен бөлісті.

Кеңесте Тараз қаласы, «Балаларды қолдау орталығы» директорының міндетін атқарушы Айжан Мейірханова, «Қазақстандағы SOS балалар ауылы» корпоративтік қоры бағдарламаны дамыту департаментінің директоры Мария Чернова, «Ана үйі» қоғамдық қорының атқарушы директоры Бибігүл Махметова және «Арал балалары» ҰЕҰ жетекшісі Құралай Исаева, Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің сарапшысы Гүлмира Құлсариева сынды мамандар тақырып аясында түрлі баяндамалар жасады. Жылы соңында шара қонақтарына қаламыздың 200 жылдық мерекесінен естелік сыйлықтар табысты.

Суретті түсірген
Бағдат ЕСЖАНОВ.

БАҒЫТ – АЙҚЫН, МАҚСАТ – АНЫҚ

Басқарма басшысы әскерден келген жастарды жұмысқа орналастыру, әлеуметтендіру, жас отбасылардың тұрақтылығын сақтау, қолдау көрсету бойынша мектептерде кәсіптік бағдар беру кабинеттерін ашу, кеңес беруді қамтамасыз ету үшін жастар мәслихатын қосу, жас аналарды қолдау және тұрғын үй мәселелерін шешу турасында бірқатар ұсыныс білдірді.

Айта кету керек, 2014 жылдан бастап Мәскеу мен Санкт-Петербургтің озық оқу орындарында 510 қызылордалық студент Ресей федерациясы үкіметінің гранты есебінен білім алуда. Осы жылы алғашқы 74 түлек оқуын тәмамдады, олардың 43-і магистратурада оқуларын жалғастырады, қалғандары облыстың ірі кәсіпорындарына – «СКЗ-У» ЖШС, «Қызылорда жарығы» ЖШС, «Ансар Сервис» ЖШС, «Теплотехник» ЖШС, мамандандырылған мемлекеттік мекемелерге – индустриалды-инновациялық даму, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармалары мен жастар ресурстық орталығына және т.б. жұмысқа орналастырылды. Ал келесі жылы тағы 150



түлек оқуын бітіреді деп күтілуде. Өткен жылдан бастап Қызылорда жастар ресурстық орталығы еуропалық жұмыс үлгісіне көшті. Оның шеңберінде орталықта жастарға қажетті барлық қызмет түрлері: коворкинг орталығы, жаттығу залы, тлі үйрету курстары, интернет қызметтері, зангерлердің,

дәрігерлер мен басқа да мамандардың кеңес беруі, кинозал және т.б. қызметтер ұсынылады. Жастар үшін елеулі жаңалық, келесі жылы Сырдарияның сол жағалауында жана жастар ресурстық орталығы пайдалануға беріледі.

Жылында облыстық білім басқармасының басшысы Майра Мелдбекова «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» бойынша білім саласында атқарылған жұмыстарды атап өтті.

Осы орайда облыс әкімі, Елбасы Жолдауында айтылғандай, бұқаралық спорт пен дене шынықтырудың қолжетімділігін арттыру үшін қолданыстағы, әсіресе мектептердегі спорт ғимараттарын тиімді пайдалану қажеттігін жауапты тұлғаларға міндеттеді. Енді өңірдегі барлық мектептер мен колледждердегі спорт нысандары сенбі, жексенбі күндері арнайы кестеге сай жұмыс істейтін болады.

Сондай-ақ, жылында Арал, Сырдария және Қызылорда қаласының әкімдері мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылуына басты туралы хабарлама жасады. Бүгінде Арал ауданында 14-29 жас аралығында – 18314, Сырдарияда – 11131 азамат тіркелген. Ал, Қызылорда қаласындағы

300486 халықтың 67349-ы – жастар. Қызылорда қаласында жастардың жұмысқа орналасу, кәсіпкерлікпен айналысу деңгейі көңіл қуантпалық.

Қызылорда қаласы мен қалаға қарасты кент және ауылдық округтерде шағын және орта бизнесті дамытудың басты көрсеткіштеріне жүргізілген талдау нәтижесінде биылғы жылдың тоғыз ай қорытындысымен 2617 кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, 2671 жаңа жұмыс орны ашылды. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 23 процентке артық, – деді қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Жылында аймақ басшысы барлық аудандарда дәстүрлі емес діни ағымдарға қарсы иммунитетті қалыптастыру, қылмыстың алдын алуға бағытталған жұмыстарды жандандыру керек екенін атап өтті.

Келесі жыл жастар мәселесіне арналған – өте маңызды жыл. Қоғамның бұл категориясы барынша қолдау және ерекше назар аударуға талап етеді. Осыған орай, «Жастар жылы» атап өтуге мамандар толық барынша сай болуын қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар жүргізіліп, барлық жауапты тұлғалар маңызды іс-шараларды ұйымдастыруға қатысуы тиіс, – деді облыс әкімі.

1-бет

Өнер

Ән падишасының құрметіне арналды

Сыр өңірінде тағы бір айтулы мәдени шара өтті. Қазақ елінің маңдайына біткен жарық жұлдызы, есімі аңызға айналған ән падишасы, Халық қаһарманы Роза Бағланова атындағы IV республикалық «Ақмаңдайым» әншілер конкурсы ұйымдастырылып, Сыр өлкесін әсем әнге бөледі. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында өткен бұл конкурста таланттарды іріктеу үшін белгілі композитор Кенес Дүйсекеев, әнші Сембек Жұмағалиев, Р.Бағланованың ұлы мен келіні Тәжен, Марал Бағлановтар Сыр еліне арнайы келді.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.



Айтулы шара ең әуелі қазылар алқасының БАҚ өкілдеріне брифинг берілінімен басталды. Брифинг барысында облыстық мәдениет басқармасының басшысы М.Әбуова конкурста еліміздің түкпір-түкпірінен 20 талапкер қатысуға ниет білдіргенін атап айтты. Ән байқауы Сырдың бас шаһарында өтіп, жалғасы, яғни гала-концерт Роза Бағланованың

туған жері Қазалы ауданында жалғасын таппақ. «Бұл конкурс жылда аудан орталығында ұйымдастырылса, биылғы жылы облыс орталығында өтіп, әрі қарай өншінің туған жерінде жалғасын табуына қуанып, төбем көкке жетіп отыр. Алдағы уақытта тек Қызылорда облысында ғана емес, еліміздің басқа қалаларында

ұйымдастырылса деймін. Бұл айтулы шара Елбасының рухани жаңғыру бағдарламалық мақаласына үн қосу болмақ» деген композитор К.Дүйсекеев Роза Бағланованың өзі күз болған ерлігін айтып берді.

Бірде концерт беруге дайындалып жатқан өншінің аяқ астынан көзі көрмей қалады. Жоспарда бір емес, екі концерт. Ел түгел құлақтанған. Кейінге қалдыруға келіспеген Роза Бағланова қанша

еске алса, әнші С.Жұмағалиев бүгінгі ән мен өнші жайында өз пікірін білдірді.

Сол күні түстен кейін сахна шымылдығы түріліп, ән байқауы басталды. Байқаудың ашылу салтанатында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемов Халық қаһарманының өмір жолына тоқталып, байқауға қатысушыларға сәттілік тіледі.

Бұл байқауда ереже бойынша талапкер I кезеңде өнші Р.Бағланова репертуарынан бір ән, II кезеңде ел композиторлары жазған жаңа әндерден орындады. Байқау қорытындысы бойынша 20 үміткердің арасынан III орынды Түркістан облысынан келген «Сарын» триосы мен Арал ауданының тумасы Сабыржан Қолбаев иеленсе, II орынды ақтөбелік Нұрғас Омаров пен бағыс қазақстандық Ерат Жақашев алды. I орынды Қазалы ауданынан қатысқан Рақымжан Мақсатов жеңіп алды.

Ал, бас жүлдені астаналық Айдын Жұмабаев еншілеп, Бағлановтар отбасының мүддесі 500 мың теңге ақшайлы сыйлық және Халық қаһарманының бейнесіндегі статуетканы иеленді.

Суретті түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ.



Жылында облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов бүгінгі қоғамда жетім және ата-ана қамқорлығына мұқтаж балалардың саналы ұрпақ, салауатты азамат болып қалыптасуына қолайлы жағдай жасау мәселесі үнемі назарда болуы тиіс екенін атап өтті. Бұл орайда облыстағы осы санаттағы 891 балаңыз 797-сі қамқорлыққа алынған, оның ішінде 94 бала «Атамекен» балалар ауылына орналасқанын, оларға отбасы жылыны сезінетіндей ерекше қолдау көрсетіліп жатқандығын жеткізді.

Кеңейтілген кеңесті жүргізген ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Мәншүк Әбілқәрім отбасы үлгісіндегі «Атамекен» балалар ауылында жүргізіліп жатқан жұмыстарды жоғары бағалап, қамқорлыққа ризашылығын білдірді.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары басшыларының республикалық кеңес төрайымы Майра Бейсеканова «Қайта құру жолындағы 10 жылдық тарих»

1-бет

Қожамберді – ғибратты ғұмыр кешкендіктен де кешелі-бүгінгі ұрпақтары қатты құрмет тұтып, қасиетті есімін еншілеген адам.

Оның тағдырлы тарихын құймақұлақ, көкірегі даңғыл шежіре ағам, қазақтың белгілі журналист-жазушыларының бірі, осы батыр да бекзат бабамыз туралы бірнеше кітап тудырған Айдархан Бибасарұлының жазғандарына жүгінуден бастаған жөн шығар.

«Ата парызы, ұрпақ қарызы (ол кезде) кімге де болса бес саусақтай белгілі. Осынау дәстүрлі қасиетті түсініп ғұмыр кешкен Қожамберді батыр тағдыр талқысына талай рет түссе де, өмірін үмітіне өзек етіп, үш баласымен аумалы-төкпелі заманда өзінің қамысқұлақ теңбіл көгімен Отырар, Сауран даласын бетке алып келе жатты. Үстінде – тор шілтерлі сауыт, басында – көк дулыға, қолында – егеулі найза, көкірегі запыран құсып зар илейді. Жүрегі езіліп, алып денесі бәсең тартса да, отыздан асқан ордабұзар шағында өз ұрпақтарына сыр бермей, қыран қабағын қатудана түйіп, әлдекімдерге кіжінгендей сынай танытады...

Мына сайын далада еркін өмір сүрген батыр бабамыздың ерлік ісін кейінгі ұрпаққа бірінен кейін бірін жеткізген от ауызды, орақ тілді көнекез қарттарымыз бен уақыт табы сарғайтып, шеті мүжіліп, түбі қырқылан қолжазба шежірелердің баяндауы бойынша, Нағанай байдың төртінші ұрпағы Мақдидан Қарақұдайберді және Қанымқұл атты бір қыз туып, Қарақұдайбердінің үш әйелінің біріншісінен Жаулыбай, Аманбай, екінші әйелінен Сүйінбай, Сүттібай, үшінші әйелінен Байқошкар, Аққошкар туған. Ата кәсібі бойынша мал өсірумен айналысқан олардың негізгі байтағы Түркістан, Сауран үсті болғанымен, жазылып жатқан жалпақ дала төсінде бармаған жері, басыпаған тауы қалмаған. Осындай қарбалас кезеңдердің бірінде Қарақұдайберді өзімен іргелес қонған Қаракерейдің немересі Жанту атты мырза жігітке Қанымқұлді ұзатқан. Осыдан біраз жыл өткен соң төркіндеп келген Қанымқұл ағасы мен жеңгесіне бала көтермегенін айтып, мұның шағалды. Сай-сүйегі елжірей босаған аға-жеңге осы жолы Қанымқұлге сый-сыяпат жасай отырып, балалары Жаулыбай, Сүйінбай, Сүттібай, Байқошкар, Аққошкарларға:

– Менің мұрагер балаларым, қыз – мұңдық, бірақ жолы үлкен болады, жолы үлкен қалағаны алады. Қанымқұл қарындасым інісі Аманбайды сұрай келіпті, – деп жан-жағына зер сала қараған. Осыдан соң бес бала да әке сөзіне тоқтаған.

Келгелі анасының қасынан шықпай жүрген Жаулыбайдың тұңғышы Жаманбай: «Ағаммен бірге мен де кетемін» деп қиғымқұ салыпты. Бұл Қанымқұлдың мәңгі есінде қалған еді. Сонымен, Аманбайды Жанту бір баласы ретінде он жеті жасында үйлендірген,

бірақ ол отыздан аса қайтыс болады да, артында үш жасар Қожамберді атты жалғыз баласы қалады. Туған інісіндей бауырынан ерте айрылған Қанымқұл Қожамбердіні бетіне қақпай өсіреді. Ол аяқ-қолы балғадай, бойы өз замандастарынан ана-ғұрлым ірі, ержүрек батыр болып ержетеді. Он алты жасқа келгенде оған анасы Қанымқұл Жетісу өңіріне белгілі байдың қызына құда түсіп, алып береді. Одан Ақбалдырақ, Сарымсақ, Шоқай, Шонық атты төрт бала дүниеге келеді. Осы кезде Жетісу өңірінде әйгілі ас болып, Қожамберді көкпар тартуда шабандоздығымен көзге түсіп, замандастарын шыдатпай ат үстінен аударып тастап кете беріпті. Бұл қорлыққа шыдамаған жергілікті халықтар: «Мына қаңғырған неменің құтыруын-ай!» деп даурығады. Мұны өз құлағымен естіген Қожамберді асты тастайды да, тастүйін қатуды қабақпен тоқсанға жақындап, өлім төсегінде жатқан анасы Қанымқұлге келіп мән-жайды айтып айтуды өтінеді. Ауыр күрсініп, демін терең алған қария: «Жалғызымның жалғыз, өмірде көрген қызығым. Мына көзім не көрмеді, құлағым не естімеді, пәни жалғанда қуыс келудем қандай күй кешпеді? – деп жалын ата үйлейді. – Жағымды ашпаспын, ешкімге айтпаспын, көрге – жер қойнына бірге ала кетермін деуші едім. Болмады, болмады. Шынық көмгенмен, жасырылмас, жай басталған желдің үй жығар дауылға айналатыны секілді бұл әңгіме басылмас, үдей түсер. Одан да бәрін айтатын, құлыным», – деп болған оқиғаны тегіс баяндапты.

– Бабаларының мекені Сауран маңы, руың – босаға таңбалы Қоңырат, немере ағам Жаманбай аруақты ер болып өскен, әлі тірі. Соны іздеп тап та, пана тұт!» – дейді кемсендеген кәрі ана...

– Анам, әжем деуші едім, бауырым екенсіз ғой, – деп анасына қайта қараған Қожамберді Қанымқұлдің: – Хош! – деген жалғыз ауыз сөзін ғана естіп қалды. Одан әрі қарт ана тілден қалып, ақырында қайтпас сапарға жөнеп те кетті.

батырдың өз ағайындарына Жетісудан, бәлкім Талдықорған маңын мекендеген – өсіп-өнген «елінен» іздеп келіп, қосылуын осылай суреттейді. Бұл – шамамен 1540-1550 жылдардың кезі. Қазақ хандығы дәуірлеп тұрғанмен, заман – аумалы-

ҚОЖАМБЕРДІ БАТЫР



Езіле еніреп, айналасынан біржолата түңілген Батыр жетісі өткеннен кейін бауыры Қанымқұлдің шаңырағында бір баласы Сарымсақты қалдырып, өзі, әйелі, үш баласымен ұзақ жолға – Түркістан, Сауран өңіріне аттанады...» («Қожамберді батыр және оның ұрпақтары», Алматы, «Ана тілі», 1995 ж.)

Айдархан ағам Қожамберді

төкпелі. Бабаларымыз аттан түспейтін, жайғасып отырып тамақ ішпейтін уақыт. Қожамбердінің қосарланған ат, қолданған түйе жетектеген шағын көшін сайдың тасындай, бір-бір сойыл найза ұстаған, өмілдірік-құйсқанмен ерттелген жарау жүрік ат мінген жүз қаралы қол бірден қоршап алады. Олар ентелей төніп: – Қайдан келесің, қайда

барасың? Көктемір құрсанып неғып жүрген адамсың? Түрің батырға келеді, бірақ батыр өмілдірік-құйсқансыз ат міне ме екен? – деп сұрақтың астына алады.

Бұларды сабырлы тыңдаған Қожамберді өзінің Аманбайдың баласы екенін, немере ағасы Жаулыбайдың ұлы Жаманбайды іздеп келе жатқанын айтады. Қоршаған топ оның іздеп келе жатқан ағасының адамдары еді. Қожамбердінің сөзін естіген топтың алдында тұрған төртбөтел атты, күмістей ақ сақалды, қапсағай денелі ірі кісі:

Шығана кеткен екі көзімің сынары екенсің ғой. Іздетен аған – Жаманбай менің, – деп құшағын жая ұмтылады. Аға мен іні құшағы айқаса кетеді. Қожамберді ағайын-бауырларымен осылай табысады.

Танысып-біліскен соң Жаманбай өздерінің неге үдеріп, ат белінде жүргенін баян етеді. – Өзімнен ер етіпкен су кешкен, ат ауыздығымен су ішкен тар заманда табыстық. Шығысында қысық көз қалың қытайың көз тіксе, батысында көзі көшкіген орысың бар. Қия бөліңде қалмақтар маза бермей тұр. Бірінің көне атақонысымыз Түркістан өңірінде дәмсіз бар, жалпақ жасирамдығы жаулап алып, билемек. «Бұларға қарсы тұрар айбынды ел болайық» дегесің, Нағанайдың төртінші ұрпағының балалары – Маңғытай, Саңғыл мен Божбай, Жиенбет және менің балаларым – Құрбан, Ноғай, Жауағашты, Қира, Шоқпарлы болып ынтымақтауға шығып едік. Сөзге қосқа бермес, күшпен көндіргіміз бар. Басқа жол жоқ. Бауырым, сен де бізбен жүр...

Қожамберді сөзге келместен көшін бір сарбаз бастауымен Жаманбай ауылына жербереді де, өзі қолға қосылады. Тап сол арада Жаманбайды ту етіп ұран көтерген бауырлар Бес атаның қолымен айқасуға уәделеседі. Осы беттесуде батыр бабамыз:

– Бітім-бәтуаға келіп ел боласыңдар ма?! Көнебітіндерің менімен шайқасуға шығыңдар! Жекпе-жек! – деп майдан алаңын шаңғытып, жауар бұлтай түнеріп, күндей күркіреп тұрып алады. Өздері бұған дейін көріп-білмеген жана қаһарлы батырдың айбын-сұсынан қаймыққан олар: «Жаманбайды аз деп мына бір құйсқансыз аттыны қосқан құдайым-ай!» деп бәтуа-бірлікке көніпті.

Ертеніне: «Құйсқансыз атты Батыр келіпті. Ол Жаманбайдың немере інісі екен» деген сөз бүкіл атырапқа жайылады. Содан былай батыр бабамыздың Қожамберді аты жайына қалып, Құйсқансыз атанған екен. Міне, кейін өсіп-өніп, бір рулы елге айналған Аманбай ұрпақтарының Құйсқансыз атаның кетуіне осы жайт басты себеп болыпты.

Кейіннен бес ата елдің ұранына айналған батыр да өзіндей батыр немере інісін бауырына тартып, үстіне үй тігіп, алдына мал салып береді де:

– Қарағым, батыр інім! Кеше бес ата ұрпақтарымен бәтуаға келдік. Мұнда сенің де еңбегің көп. Бірлігіміз жетпей жатқаны болмаса, тірлігі бізден кенже ел емес, олар да – бауырларымыз. Мына Сығанақтан бастап сонау Отырарға дейін біздің ортақ жеріміз. Сығанақ – Ақназар ханның ордасы. Соның түстік бетінде Көккесене деген киелі жер жатыр. Соған барып орын теп. Жайлаудың Қаратаудың бөктер-саласы,

қыстауын Қызылқұмның жота-арасы болсын. Ағайынның шығысына мен пана болсам, сен батыс жағына қорған боларсың. Жұдырықтай жұмылып тірлік қылсақ, ешқандай жау бізді ала алмайды, – деп бастап келіп, Көккесене өңіріне қазық қағып, ешкіге береді.

Көп ұзамай қасына қоныстанған батырдың данқына қанық Ақназар хан арнайы ат басын бұрып, қоныс құтты болсын айтып, Қожамбердімен танысады. Ол бүлік шығарған Бұқараны бағындыруға қалаң қол жиып аттанғанда Қожамберді батыр аталмыш шаһарға шабуыл кезінде ересен ерлік көрсетіп, жауды тез талқандауда да тапқырлық танытады. Ақназар хан оның осындай орда бұзған ақылы, қаһармандығына қатты разы болып, батырды ақ балдақты алмас семсермен марапаттап, құйсқансыздар мекендеген Алшынбай даласын, Мырзаңның шөлін, Кеуректің құмын сыйға тартады.

Батыр бабамыз өмір сүрген уақыт бір өзінде қырық кісінің ақылы бар хан мен бойында қырық кісінің қайраты болмаса да айбаты (жүректі, рухы бар) бар батыр тағдыр шешкен, бекім кескен заман ғой. Атағы алдыға жайылып, осыншалықты менімен шайқасуға шығыңдар! Қожамберді бабамыздың дәурен кезінде айнала жау да тынышталып, алқалы ел де бақытты күн кешкен екен.

Қожамберді бабамыз XVI ғасырдың аяғында құтты қонысы Көккесене төрінде қайтыс болыпты. Өзінің өсеті бойынша сүйегі Сырдарияның арғы бетіндегі, Қызылқұмның етегіндегі қасиетті мекен Қорасан Атаға (Әбдіжелелбаб) қойылған. Мәйіті қонысқа қыпшақ руының белгілі батыры Қожамсүгірмен қатар жатыр. Бүгінгі күні баба басына келісті де көрікті кесене тұрғызылған. Ол батырдың рухына разы ұрпақтары атынан қойылғанмен, осы күмбезді үйді жеке өз қаржысына тұрғызған ұрпақ – Абай Жүзенов деген атпал азамат екенін де айта кеткен орынды.

Қожамберді батырдың қол бастағаны, елді ұйымдастырып, жер қорғағандығы – ұрпақтары барда ұмытылмас басты мұрасы болса, екінші бір басты мұрасы, мәңгілік ізі-ісі – ұлтымыздың перзенті, Алаштың асылдары, қазақтың қайраткерлері болған ұрпақтары.

Бүгінгі күндері Қожамберді батырдың туғанына 500 жыл толады. Одан өрбіп-өскен ұрпақтары қанатты ел, аруақты жұрт болып баба рухын дәріптеуге үлес қосып отыр.

Бақыт САРБАЛАУЛЫ.

Гібрat

Мен бүгін мемлекетімізге аянбай қызмет етіп жүрген талай қайраткерлердің шыңдалу мектебі болған Абылай Айдосовқа бір үзік сөз арнағым келеді.

Манайына мейір шуағын шашып жүретін Өбекеннің, Абылай Айдосовтың «Сарыарқа – сағыншым, Сырым – елім» деуінің жөні бар еді. Ол Қостанай облысының Қарабалық ауданындағы Бөрілі орта мектебін 1953 жылы үздік аяқтап, 1954 жылы сонау қазақтың құйлағы өңірі Қостанайдан бірнеше күн жол жүріп Қызылордаға келіп, сол кездегі Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтқа түскен болатын. Институтты ойдағыдай аяқтағаннан кейін Өбекен бар саналы ғұмырын, білімі мен біліктілігін сарқа жұмсап, жарты ғасырдан астам Сыр еліне еңбек етті.

ауданында түлеп жатқан Түгіскен алқабын егістік айналымға қосу, жаппай су шаруашылығы мен механизатор мамандарын дайындау және т.б. толып жатқан ауқымды істерге жастардың қатысуы керек болды. Содан 1964 жылы атақты күршіні, Социалистік Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, күршітен әлемдік рекорд иесі, дала академигі Ыбырай Жақаев облыс жас-

де осы орбитада болғанымды мақтаныш етемін.

Сыр бойы жастарының суармалы егіске қатысуы Өбекеннің тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның негізгі арқауы да болды. Сөйтіп өзі талай кездесіп, талай тағалымды өсетін тыңдаған, қарапайым еңбектің ұлы өкілі Ыбырай Жақаевты шын мәнісінде



ДАРА БОЛМЫС

Абылай Айдосов туралы мөлтек сөз

тарына Үндеу тастады. Аталы сөзді жастар қызу қолдады. Күрші егісіне жас толқын көптеп ағылып, халық арасында құрметпен аталып кеткен «жақаевшылар қозғалысы» дүниеге келді. Бұл Сыр бойының жүздеген ұл-қыздарына адал еңбек етуді үйретті, олардың алдығы қатарларының мерейін көтеріп, ер атандырды. Мұндай жастар арасындағы сан салалы, ауқымды да күрделі жұмыс облыстық комсомол комитетінің мүмкін емес еді. Өбекен осы жастар шағының бірінші хатшысы, жақаевшылар қозғалысының жалынды ұйымдастырушысы да насихатшысы бола білді.

Абылай Айдосов ондаған жас кадрларды белсенді қызметке, басшылық жұмысқа да дайындады. Облыстың мәдени өмірі мен экономикалық саласына елеулі үлес қосқан Мақсұт Әбдіразақов, Сейілбек Шаухаманов, Қаһарман Табынбаев, Садықбек Хангелдин, Болат Қарғабев, Кенеш Жұмалиева, Ләйла Құлмыбетова, Рая Ахметова, Саттұла Сәдуақасов, Салық Әліев, Кішкене Айбо-сынов сынды жастар жетекшілерін қайраткерлік қайракқа жанып еді. Мен

мәңгілік тақырыптардың бірі етіп еді. Бұған «Дала академигі Ыбырай Жақаев және оның ізбасарлары» атты монография дәлел бола алады.

Абылай Айдосовты әсіресе, кеше жастар аса биік тұлға тұтқан, ұстаз санаған, Қазанбеков қатты азаматы Өзбекәлі Жәнібеков қатты қадірлейтін. Оған бірнеше рет кездестік. Мұндай жастар арасындағы сан салалы, ауқымды да күрделі жұмыс облыстық комсомол комитетінің мүмкін емес еді.

Өбекен осы жастар шағының бірінші хатшысы, жақаевшылар қозғалысының жалынды ұйымдастырушысы да насихатшысы бола білді.



жолы шешіліп, Қазақстан комсомолы орталық комитетінен қалай Торғай облысына барғаны, онда жоқтан барды құрап, бәрін басынан бастап, бәрін өз қолдарымен істеуге тура келгендігі, т.б. мәселелер ұзақ әңгіменің арқауы болды. Бұның барлығы көп жылдар сыйластыққа болып келе жатқан кісілердің ағынан жарылған әңгімелері екенін іштей сезіп отырдым. Бұл бір-бірін қадір тұтқан екі кісінің соңғы отырыстары болғаны да кейін білдім.

А.Айдосовтың комсомолдан кейінгі ғұмыры да мазмұнды болды. Ол 1971-1973 жылдары КОКП орталық комитетінің жанындағы Жоғары партия мектебін бітіргеннен кейін Қызылорда қалалық партия комитетінің екінші, бірінші хатшысы қызметтерін атқарды, облыс әкімінің ішкі саясат бөлімін басқарды. Партия органдарында да көп жыл жетекші қызметтерде болып, еңбеккерлік пен іскерліктің, қарапайымдылық пен қажырлылықтың үлгісін көрсете білді. Өбекеннің тынымсыз тірлігі жолдан табылмаған, өмір шындығы түскен тура бітті текті қасиет болатын. Сол өсіріп, сол биіктетті.

Абылай Хангерейұлының ғалымдық

болмысының өзі бір сала. Мәскеудегі қоғамдық ғылымдар академиясында диссертация қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты болғаннан кейін Өбекен өзі бітірген пединститутпен байланысып жалғастырып, студенттерге дәріс беріп жүрді. 1991 жылы Қызылорда агроөнеркәсіп инженерлерін дайындайтын институттың қоғамдық пәндер кафедрасының меңгерушісі болды. Кейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессорлығына ауысып, Халықаралық Қорқыт ата мұрасын зерттеу орталығын басқарды. «XI ғасыр және Арал» қоғамдық бірлестігінің төрағасы болды. Аралдың құрғаған табиғатын табылған «Кердері» кесенесінің орнын зерттеуге үлкен үлес қосты. Ол облыс ғылымында кенжелеп қалған сала – археологиямен айналысты, ежелгі түркі өркениеті, қорықтану мәселелерімен шұғылданды, соңғы жылдары әлеуметтану саласында көлемді зерттеулер жүргізіп, ғылыми конференцияларда, симпозиумдарда тың ойлар айтып, соны ғылыми тұжырымдар ұсынып жүрді. Осындай жан-жақты ізденістері арқылы ол өзіндік өмір және ғылыми мектеп қалыптастыра білген ардагер-ұстаз еді.

Өбекен артына мол мұра қалдырды. Ол Сыр өңірі тарихы (1998 ж.) кітабын, Сыр елі (Қызылорда облысы) энциклопедиясы (2006 ж.) сынды жинақтардың жазылуына белсене атсалысқан негізгі авторлардың бірі. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған ежелгі түркі өркениеті және қорықтану, «Социальная структура экологии Арала, процессы устойчивого развития бассейна Аральского моря» тақырыбында оқулықтар мен монографиялар шығарды. Ғалымның қаламынан 200-ге жуық сараптамалық мақалалар жарық көрді.

Облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы кезінде құлаш-құлаш баяндамаларды өзі жазып, өз сөзін өзі дайындап отыратын Өбекен біреуге қағаз жаздырып, біреудің дайындағанымен, сөз сөйлегенін көрген емеспін. Аса еңбеккер, қаламы жүйрік жанмен жұмыс істеу оңай болатын. Облыстық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінде қызметтес болғанымда тығыз дайындалып отырған қазынап қалса, біздер ойлап, толғанып жүргенде өзі жылдам жазып тастап, ал қалғанын өзін көрсетіп деп талай қағазды орынбасары

маған әкеп беретін. Сөйте отырып, бізді жұмысқа тарта түсетін, бізді қызмет істей білуге үйрететін.

Абылай Хангерейұлы бар саналы ғұмырын облыстың өркендеуіне, аймақтың саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени дамуына арнаған аулы азамат еді. Сонымен қатар, ортасына сыйлы, елге танылмал қажырлы қайраткердің бойынан Сыр елі деген зор сүйіспеншілік, қас бұныға деген мейірім шуағы төгіліп тұратын. Ол өзіне ғана тән дара болмыс-бітімдегі қасиеті біліктілігін, бай өмір тәжірибесі мен адамгершілік қадір-қасиетін және терең білімін сарқа жұмсады. Мемлекет пен қоғамның нағыз қажырлы қайраткері еді. Ол өзінің ізбасар әріптестері мен шәкірттерінің бойына елжандылық қасиеттерді дарыта білді.

Өбекеннің өз білігін көтерілуіне Нәкен, Несіп жетеміздің керемет үлесі болды. Өзі ағынан жарылып: «Өмірлік жарым етіп Несіп Сармағанбетқызын жолықтырғаны үшін тағдырыма мың мәрте ризамын» деп отыратын. Біздер бұған толық кәуіміз. Қос арыс ұл-қыз өсірді. Олардан өрбіген ұрпақтар кеше Нәкеннің ауыр жағдайында сүйеу болды. Бірге қайырды. Қиындықты бірге көтерді. Қазақ неге ұрпақты аңсайды, неге ұрпағын көп болсын дейді? Ұрпақ бірігіп, бақытты байытса, қиындықты бөлісіп, ауырлықты азайтады. Бүгінде Бақытжамал қарындасымыз әке жолын қуып, ғылым кандидаты атанды.

Абылай Айдосов ерекше еңбегінің арқасында Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің Құрмет грамоталарымен, екі мәрте «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендерімен марапатталды. Облыс әкімінің стипендиясы, Қызылорда қаласының құрметті азаматы атанды. ...Әне, Өбекен өзіне ғана тән бірқалыпты жорға жүріспен алға ұмтылып, тағы да асықпай, өзінің университетіне қадам басып бара жатқандай. Бұл енді көз алдындағы елес қана. Дегенмен, өзін білетін замандастарының, әріптестерінің, дос-жарандарының жүрегінде. Өмірде сыйпай да сырбаз, сабырлы, жан-жағына шапағатын шашып жүретін, биік парасатты, адамгершілігі мен қайырымдылығы мол болған аулы азаматтың жарқын бейнесі ұзақ сақталатынына күмән жоқ.

Әбдіжелел БӨКІР,
саяси ғылымдарының докторы,
профессор.

алында. Жер дәмбаларының үйіме жағалауларының, арианы реттейтін имараттардың құрылысы және жағалауларды шапшаң кету мен оңыраудың нығайту көзделді. Қорған ата қонысынан Сұлтан Бейбарыс қонысына дейін өзеннің оң жағалауындағы су қорғау бөгеті салынып, Кейін Қорғат Ата мемориалдық кешенінен Мірғабден қонысына дейін магистралдық жол салынып, бұл магистралдық жол өзенге шығатын көлік жолдары сақиналы және қамтылды. Бас жоспар жобасында су шапшаң кетуімен және бұзылудан жағалау бөлуінен тұрқандырылған арналық түзету жұмыстары бойынша бірқатар іс-шаралар әзірленді.

Бас жоспар жобасымен су шапшаң кетуімен және бұзылудан жағалау бөлуінен тұрқандырылған арналық түзету жұмыстары бойынша бірқатар іс-шаралар әзірленді. Келесі кезеңде жұмыс жобасымен осы жобадан іске асыруға ұсынылатын өзгерістер енгізілді:

- 1) бөгеттің жоғарғы жағын автокөлім біріктіретін бір белгілеу қабылдау;
- 2) қорғаныш бөгеті мен жолдың ІПКО-00 координаттарын қайта қарау (қазіргі жағдайда ІПКО +00 су басы учаскесінде орналасқан);
- 3) «Абиондардан тіреу қабырғасы бар қорғау бөгеті бекітуді» «төменгі есікті» декоративті тастармен қаптап отыратын етесінен жасалған қорғау бөгетінен ауыстыру (ұзындығы 1,4 километр) габиондардан тіреу қабырғасы бар дәмбаның салынуға учаскесінен басқа);
- 4) бөгеттің жотасы бойынша жол төсемін асфальтбетонды жабына ауыстыру;
- 5) қанал қазылым артындағы аралдың сабық аймағы учаскесіндегі жағалауды тіреу қабырғасымен нығайтуды алып тастау;
- 6) қанал-қазылым арқалы өтетін жау жүргізушілер көпірі бекітуді алып тастау;
- 7) қанал-қазылымды есіксіз бекітуді бөгет-жол жақтан біржақты бекітуге ауыстыру;
- 8) жағалауды абаттандыру элементтерін (сыртқы жарықтарды, роландар, жауқол тасқасы, декоративті қорғаныш) қорғаныш бөгетінен көшіру;
- 9) жоғарыланған сабақ аумағындағы қолданыстағы көлде су алмасуды қамтамасыз ету үшін дәмбала су жөберу имаратын қарастыру;

Жағалауды аумақты құрылыс салуға және демалыс аймағын пайдалану үшін жобаман су қорғау бөгеттерінен су құамасы бойында, өзеннің жалпы ұзындығы бойынша екі жағынан қарау алаңдары бар серуендеу жағалауларын салуды жақсарту көзделіп отыр. Сонымен қатар, жобаман күм қайраңдарды жою арқалы өзгені түбіне тазарту ұсынылады.

Қазіргі уақытта ескі арнаны бағталандыру іс-шаралардан өзген тұзанып, сүлгістік бөлігі ауданында жол-дәмбала бұюқтықш гидротехникалық имарат салынып.

Осы жобаман іргелеу аумақты орындайтын құрылыс ігеруді ескерге отырып, ескі арнадағы ағысты қалпына келтіру бойынша іс-шаралар ұсынылды. Ескі арнадан ұшыла жағарын геотормалар қаптаумен оны мөдені түрде көле айналдыру ұсынылды. Іргелеу аумақ кентріледі, топырақпен төгіледі және сабақ аймағы ретінде пайдаланылады.

10. Қоршаған ортаны қорғау

«Қызылорда қаласының бас жоспарына өзгерістер енгізу» жобасының құрамды «қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау» бөлімі (КОӘБ) орнында.

Бөлімде барлық өмір сүретін және жер асты сулар. Қазіргі жағдайда және перспективада ауа бассейнінің ластану себебі жүргізілді. Ауа бассейнінің рұқсат етілген ластану аумағының қысқаруына, қала аумағының топырақ-өсімдік жамылысының жай-күйін жақсартуға және ауықтарға қақпалықтарды жақсарту, тұз денесін арттыру, ұрбаның алаңында салдарынан сулау аумақтарында табиғи кешендердің өзгеруінің үздіксіз процесі орын алуға, бұл табиғи ландшафттардың, топырақ жамылысының, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің, жер үсті, жер асты суларының өзгеруіне әсер етеді. Сонымен қатар, табиғаттан аталған элементтердің рұқсат етілген ішкені тек қорғау орындары тозуына және халықтың өмірі үшін қолайлы жағдайлар жасауға әкеп соғады.

Адамдардың жайлы өмір сүруін және қоршаған ортаны қорғау мақсатында жобадан қарастырылды:

- 1) табиғи кешен аумағын ауа бассейнінің ластануынан қорғау;
- 2) жер асты және жер үсті су ресурстарын ластанудан және сарқылудан қорғау;
- 3) қала аумағын физикалық факторлардың әсерінен қорғау (шү, вибрация, электромагниттік сәулелену);
- 4) топырақ-өсімдік жамылысына атмосфераға зиянды заттардың шығарылуынан және қатты тұрмыстық қалдықтардың түзілуінен қорғау;
- 5) жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғау;
- 6) аумақты қауіпті техногендік және табиғи сипаттағы процестерден қорғау;
- 7) қоғамдандыру және микрорайондағы жағдайларды жақсарту жөнімен тіршілік ету ортасын арнайы бағалау.

Қоршаған ортаның сапалы жағдайына деген қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыру адамзат қоғамының негізгі әлеуметтік мақсатына жету шарттарының бірі болып табылады – экологиялық шартталған сыртқатандыру төмендету, халықтың жұмысқа қабылданатын жақсарту, тұз денесін арттыру, өмір сүру ұзақтығын арттыру, халықтың білімі мен мәдениетінің өсуі сияқты әлеуметтік нәтижелерді қамтамасыз ету.

Қоршаған ортаның әрбір компоненті бойынша ұсынылған шараларды орындау негізгі нормативтік талаптармен сәйкес экологиялық ахуалдың нашарлауы алдын алу, халықтың өмір сүру жағдайларын жақсарту және қоршаған орта мен адамның сауықтыруы мүмкін.

«Қызылорда қаласының бас жоспарына өзгерістер енгізу» жобасын іске асыру кезінде қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізумен сәйкес келесі тұжырымдар жасалды:

Атмосфералық ауа:
Атмосфераның ластану индексінің (АЛИ) кешенді көрсеткіші бойынша атмосфералық ауаның жағдайы (қазіргі жағдайда және перспективада) бүкіл Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластануының төменгі дәрежесіне сәйкес келеді. І кезеңге және есікті мерзімге әсер етуінің алдын ала бағалау – маңыздылығы жоғары әсер ретінде бағаланады.

Су шаруашылығы қызметі:
Жобаман қолданыстағы көрігі сорғын станцияларына (КСС) тұрмыстық сарқында суларды беру, жер асты суларды тазалағындандырудың судайындау жүйелерінің құрылысы қарастырылды.

Жанбар және еріген қар суларын қайтара пайдалану арқасында суаруға деген таза суды тұтыну көлемі азаяды.

Су қорғау аймақтарында және су объектілері бөлуінде шаруашылық қызмет режимін қатаң сақтау жер үсті суларға тигізетін зиян әсерді төмендетуге мүмкіндік береді.

Санитарлық қорғаныш аймағы (СКА) аумағында есікпен санитариялық режимді сақтау сумен жабықтау жүйесінің санитариялық-эпидемиологиялық беріктігін қамтамасыз етеді.

І кезеңге және есікті мерзімге әсер етуінің алдын ала бағалауы маңыздылығы жоғары әсер ретінде бағаланады.

Өлеуметтік-экономикалық орта:
«Қызылорда қаласының бас жоспарына өзгерістер енгізу» жобасын жүзеге асыру халықтың тыныс-тіршілігі үшін қолайлы ортаны қамтамасыз етеді. Бұл ретте табиғи-климаттық, қалыптасқан және болжанып отырған демографиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескерге отырып әлеуметтік, рекреациялық, көлік және индустриалдық-коммуникациялық инфрақұрылымды қоса алғанда елді мекен аумағын дағуға негізгі бағыттарды аумақты функционалды аймақтарға бөлу және осы аймақтардың аумақтарын пайдалануды шектеу, экологиялық ахуалды жақсарту бойынша шаралар иешілетін болады.

«Қызылорда қаласының бас жоспарына өзгерістер енгізу» жобасын іске асыру әлеуметтік-экономикалық ортаға және халықтың денсаулығына орташа-өң әсер етеді.

Жобаны іске асыру кезінде әсерді алдын ала кешенді (интегралдық) бағалау:
Есікті мерзімге барлық ұсынылған табиғат қорғау және жобалық іс-шаралар сақталған жағдайда – маңыздылығы жоғары әсер.

Жобаны іске асыру кезінде әлеуметтік-экономикалық сапаға интегралдық әсердің оң аспектілері қарастырылатын аспектілердің көшілігі үшін белгіленеді, кешеленген теріс сәттер әсердің төмен деңгейі шегінен шықпайды.

Осылайша, қоршаған ортаға қоғамдық және интегралдық әсерді талдау ұсынылған барлық табиғат қорғау және жобалық іс-шаралар сақталған жағдайда жобаны іске асыру қоршаған ортаға елеулі теріс әсер етпейді деп айтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар әлеуметтік бағалауға және халықтың денсаулығына оң әсер етуі күтіледі.

11. Қаламың дамуына инвестицияларын салалық құрылымы мен серіні

2-кестеде Қызылорда қаласы аумағындағы тұрғын және қоғамдық құрылыс салудың шамамен алынған орны берілген. Үй-жайлық және құрылыстың 1 шарша метр құрылыс көлемі 60,0 мың теңге деп қабылданды, ал қабатты тұрғын үй құрылысы – 90,0 мың теңге, орта қабатты құрылыс – 180,0 мың теңге, құрылыстың биік орташаанған көрсеткіші үшін – 280,0 мың теңге қабылданды. Қызмет көрсету саласы инвестицияларын құрылыс құны тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялардың 50% мөлшерінде қабылданды.

Жобаның негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері

№	Көрсеткішті атауы	Өлшем бірлігі	Өзгерістерді енгізу жылы, 2018 жыл	Есіктік мерзім, 2025 жыл
1	2	3	4	5
1	Аумағы – барлығы	гектар	20528,0	20528,0
1.1	Тұрғын үй құрылыс аумағы	гектар	3337,28	5360,84
1.1.1	Аз қабатты тұрғын үй құрылысы (1-2 қабатты)	гектар	64,19	65,00
1.1.2	Жеке тұрғын үй құрылысы	гектар	3005,22	4596,90
1.1.3	Кіріктіріле нисандары бар орта қабатты тұрғын үйлер (3-5 қабатты)	гектар	256,00	418,56
1.1.4	Кіріктіріле нисандары бар көп қабатты тұрғын үйлер (6-14 қабатты)	гектар	11,87	280,38
1.2	Қоғамдық құрылыс аумағы	гектар	327,29	1222,56
1.2.1	Әкімшілік мекемелері	гектар	57,55	82,15
1.2.2	Дин нисандар	гектар	8,83	18,84
1.2.3	Ойын-сауықтық мәдени нисандары	гектар	11,53	46,52
1.2.4	Дене шынықтыру-спорттық құрылыстар	гектар	32,31	99,40
1.2.5	Саула және қоғамдық тамақтану нисандары	гектар	7,51	33,10
1.2.6	Коммерциялық нисандар	гектар	88,60	301,03
1.2.7	Коммуналдық-тұрмыстық нисандар	гектар	47,33	113,94
1.2.8	Базарлар	гектар	21,09	70,28
1.2.9	Рекреациялық аумақтар (парктер сабақтар)	гектар	52,54	457,30
1.2.10	Оқу орындарының аумақтары	гектар	200,41	440,01
1.2.10.1	Мектепке дейінгі мекемелер (балабақша)	гектар	27,80	69,29
1.2.10.2	Жалпы білім беру мекемелері (мектептер)	гектар	76,54	194,02
1.2.10.3	Арнайы орта және жоғары білім беру мекемелері	гектар	19,99	40,82
1.2.10.4	Мамандандырылған мектептер	гектар	20,29	40,63
1.2.11	Денсаулық сақтау мекемелері	гектар	59,79	95,25
1.3	Көліктік өнеркәсіптік және басқа аумақтар	гектар	15833,73	12675,31
1.3.1	Көліктік қызмет көрсету нисандары	гектар	47,83	74,33
1.3.2	Коммуналдық-қойма нисандары	гектар	17,18	15,87
1.3.3	Арнайы аумақтар	гектар	99,34	104,38
1.3.4	Өнеркәсіптік және өндірістік аумақтар	гектар	834,88	1139,96
1.3.5	Қызыл сымандарға жолдар	гектар	2327,35	3511,89
1.3.6	Темір жол қарауына алынған аймақ	гектар	6,93	6,93
1.3.7	Құрылыстың биік құрылыстары	гектар	11503,50	6194,67
1.3.8	Жеке тұрғын үй құрылысына бағынған телімдер	гектар	9,52	39,66
1.3.9	Ауылшаруашылық мақсаттағы жерлер	гектар	31,03	11,04
1.3.10	Сайлаулар	гектар	302,77	293,45
1.3.11	Су беттері (Сарыарқа өзені)	гектар	554,38	554,38
1.3.12	Су беттері (Қызылқарма қаналы)	гектар	33,94	33,94
1.3.13	Шаруа қожалығы	гектар	62,58	0,00
1.3.14	Резервтегі аумақтар	гектар	0,00	692,31
1.3.15	Жананды салынған телімдер аумағы	гектар	2,50	2,50
1.4	Сабаққа саяхат массиві	гектар	783,0	783,0
2	Халық	мың адам	236,1	280,2
2.1	Бағынышты елді мекендерді есепте алумен халық саны, барлығы	мың адам	236,1	280,2
2.1.1	тең қала (кеңі, ауылдық елді мекен)	мың адам	–	–
2.1.2	Халықтың табиғи қозғалысының көрсеткіштері:	мың адам	–	–
2.2	Әкім	мың адам	7,4	9,5
2.2.1	Кему	мың адам	1,5	1,8
2.3	Халықтың табиғи қозғалысының көрсеткіштері:	мың адам	11,1	15,0
2.3.1	Әкім	мың адам	9,1	–
2.3.2	Кему	мың адам	2,0	–
2.4	Халықтың тығыздығы	адам/га	12,1	14,3
2.4.1	Селітебігі аумақ шеңінде	адам/га	12,1	14,3
2.4.2	Қалалық, көптік және ауылдық құрылыс аумағы шеңінде	адам/га	12,1	14,3
2.5	Халықтың жас құрамы:	мың адам/ж	33,9	34,0
2.5.1	15 жасқа дейінгі балалар	мың адам/ж	33,9	34,0
2.5.2	Еңбекке қабілетті жастағы халық	мың адам/ж	58,2	58,1
2.5.3	Ерлер 16-62 жас, әйелдер 16-57 жас	мың адам/ж	–	–
2.5.4	Еңбекке қабілетті жастан үлкен халық	мың адам/ж	7,9	7,9
2.6	Отбасылар мен жалғызбасты тұрғындар саны, барлығы	бірлік	64 935	76 645
2.6.1	Отбасылар саны	бірлік	57 435	68 345
2.6.2	Жалғызбасты тұрғындар саны	бірлік	7 500	8 300
2.7	Еңбек ресурстары, барлығы олардың ішінде:	мың адам	135,3	160,4
2.7.1	Экономикалық белсенді халық, барлығы	мың адам/ж	108,0	129,9
2.7.1.1	Экономика саласында жұмысбастылар:	мың адам/ж	100,7	124,7
1)	қала құрылыс топта олардың ішінде: өздігінен жұмыспен қамтылғандар	мың адам/ж	96,3	118,2
2)	қызмет көрсету топтың олардың ішінде: өздігінен жұмыспен қамтылғандар	мың адам/ж	4,0	7,9
2а)	жұмыспен қамтылғандар	мың адам/ж	2,1	3,8
2.7.1.2	Жұмыссыздар	мың адам/ж	7,3	5,2
2.7.2	Экономикалық белсенді емес халық, оның ішінде:	мың адам/ж	27,3	30,5
2.7.2.1	Өмірден көз үзіп отырған, еңбекке қабілетті жастағы оқушылар	мың адам/ж	1,9	2,1
2.7.2.2	Экономикалық қызметтен және оқумен айналыспаушы, еңбекке қабілетті жастағы еңбекке қабілетті халық	мың адам/ж	25,4	28,4
3	Тұрғын үй құрылысы	жалпы ауданы мың м²	5 475,2	8 406,0
3.1	Тұрғын үй қоры, барлығы	жалпы ауданы мың м²	–	–
3.1.1.*	Мемлекеттік қор	жалпы ауданы мың м²	–	–
3.1.2.*	Жеке меншікте	жалпы ауданы мың м²	5 475,2	8 406,0
3.3	Тонығы 70% астам тұрғын үй қоры, барлығы	жалпы ауданы мың м²	46,0	130,0
3.3.1	Мемлекеттік қор	жалпы ауданы мың м²	–	–
3.4	Сақталатын тұрғын үй қоры, барлығы	жалпы ауданы мың м²	46,0	130,0
3.5	Қабаттылық бойынша тұрғын үй қорының бөлінісі:	жалпы ауданы мың м²	5 475,2	8 406,0
3.6.1.1	Үй (пәтер) жанында жер телімі бар үй-жайлық (коттеджік типті) құрылыс	жалпы ауданы мың м²	3427,4	4963,5
3.6.1.2	Пәтер жанында жер телімі бар блоктаңдан құрылыс	жалпы ауданы мың м²	–	–
3.6.1.3	Аз қабатты пәтерлік құрылыс (1-2 қабат)	жалпы ауданы мың м²	202,2	204,0
3.6.2	Орташа қабатты пәтерлік құрылыс (3-5 қабат)	жалпы ауданы мың м²	1741,2	2117,8
3.6.3	Көп қабатты пәтерлік құрылыс (6 және одан жоғары қабат)	жалпы ауданы мың м²	104,5	1121,6
3.7	Тұрғын қорының кемі, барлығы	жалпы ауданы мың м²	60,0	150,0
3.7.1	Техникалық жағдайы бойынша	жалпы ауданы мың м²	40,0	130,0
3.7.2	Қалпына келтіру бойынша	жалпы ауданы мың м²	20,0	20,0
3.7.3	Басқа себептер бойынша (ұйғайды қайта жабықтау)	жалпы ауданы мың м²	–	–
3.8	Жаңа тұрғын үй құрылысы, барлығы, оның ішінде есебінен:	үйлер (пәтерлер) жалпы аудан бірлік/мың м²	–	2931,7
3.8.1.*	Мемлекеттік қаражаттан	үйлер (пәтерлер) жалпы аудан бірлік/мың м²	–	–
3.8.2.*	Кәсіпорндар мен ұйымдардың	үйлер (пәтерлер) жалпы аудан бірлік/мың м²	–	–
3.8.3.*	Халықтың жеке қаражатынан	үйлер (пәтерлер) жалпы аудан бірлік/мың м²	–	2931,7
3.9	Қабаттылық бойынша тұрғын үй құрылысының құрылымы	үйлер (пәтерлер) жалпы аудан бірлік/мың м²	–	2931,7
3.9.1.1	Үй (пәтер) жанында жер телімі бар үй-жайлық (коттеджік типті) құрылыс	үйлер (пәтерлер) жалпы аудан бірлік/мың м²	–	1536,1
3.9.1.2	Пәтер жанында жер телімі бар блоктаңдан құрылыс	үйлер (пәтерлер) жалпы аудан бірлік/мың м²	–	–
3.9.1.3	Аз қабатты пәтерлік құрылыс (1-2 қабат)	үйлер (пәтерлер) жалпы аудан бірлік/мың м²	–	1,8
3.9.2	Орташа қабатты пәтерлік құрылыс (3-5 қабат)	үйлер (пәтерлер) жалпы аудан бірлік/мың м²	–	376,7

2025 жылға дейінгі құрылыс салынған инвестициялардың салалық құрылымы (2018 жылдың бағалары)

№	Сала	Барлығы жобалау кезеңіне, млн. теңге	%-пен жыныға
1	2	3	4
1	Барлығы инвестициялар	946 508,50*	100,0
1	оның ішінде:		
2	Тұрғын үй құрылысы	444 927,00	47,0
3	Мәдени-тұрмы		

РУХАНИ
ЖАҒЫРУ

ҚҰРМЕТТІҢ ЗОРЫ – ЕЛ ЫҚЫЛАСЫ

Арал ауданының құрметті азаматы, ардагер-журналист Шәкірат Дәрмеғамбетовтің 90 жылдық мерейтойына арналған салтанатты кеш өтті.

Аудандық мәдениет үйінің фойесіндегі әрбір кезең шыңдалығын жарқ еткізген мақалалары мен тарихи сәттерден сыр шертетін фотосуреттер келушілер назарын аударды. Мазмұнды кештің беташарындай болған слайдтан замандастары мен ізбасар інілерінің өзекжарды лебізін тыңдаған жұрт бір серпіліп қалды.

Мерекелік шарада аудан әкімі М.Оразбаев:

– Абыз ақсақалдың 90 жасқа толуына орай ұйымдастырылған шараның тағылымдық мәні зор. Көптің көкейіндегісін деп басқан жазбаларымен халықтың ықыласына бөленіп, үлкенге

аға, кішіге ақылшы болған ардақты азаматтың өмір жолы көпке өнеге, – деді.

Одан соң, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына аса маңызды дүниені жеткізген ардагер журналисті Арал ауданының Құрмет грамотасымен марапаттады. Қызылорда қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Өбішев қала әкімі Н.Нәлібаевтың құттықтауы мен сый-сияпатын, 30 мыңға жуық ардагердің атынан құттықтау хатын табыс етті. Сондай-ақ, Қазалы ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы О.Бекбанов:

– Құрметтің зоры – халықтың ықыласына бөлену. Арал мен



Қазалының ортасын жол қылып, қос ауданның мақтаншы болды. Өмірлік өнегеніңді жастарға көрсете беріңіз, – деп, Қазалы ауданының әкімі М.Ерғешбаевтың құттықтауын жеткізді.

Ал, Арал ауданының құрметті азаматы А.Көшербаев журналист макалалары бойынша бір үзік естелік сыр шертті. Сондай-ақ, облыстық мәслихат депутаттары И.Оңғарбаев пен К.Бедер лебіздерін білдірді. «Сыр медиа» ЖШС бас директоры А.Оңғарбаев ардагер-журналист туралы облыстық басымдарда жыл бойы мазмұнды мақалалар жарияланғанын, болмысымен, ірі сөзімен елдің құрметіне бөленген қаламгердің абыройлы жолы кейінгі толқына үлгі екенін жеткізді. Мерейтой иесіне Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалы мен «Сыр медиа» ЖШС атынан

құттықтау хат пен сый-сияпат тапсырды. Мерейтойлық шарда қаламдас інілері, жазушы А.Сәдібеков журналистің өзіндік стилі туралы ой толғаса, ақын Т.Абылаевтың мазмұнды жыры жиналған қауымды бір серпілтті. Сонымен бірге, қаламгер ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы М.Жайымбетовтың, Жалантөс баһадүр атындағы республикалық қор төрағасы Н.Мұсабаевтың және жазушы С.Жұбатырұлының құттықтауын қабыл алды.

Мерейтойлық шараның мәнін М.Сыдықовтың әндері мен күйлері, А.Тұяқованың арнау жыры, жас өнерпаздардың әндері аша түсті.

«СБ» ақпарат.

Büginginiñ bir bemesi...

Елімізде жүйке ауруына шалдыққандар қатары артқан. Айталық, биыл Алматыда мұндай науқастар өткен жылғымен салыстырғанда 14 процентке көп. Неге? Дәрігерлер мұның себебін жастардың әлеуметтік желіге уақытты тым көп жасауынан деп отыр.

Ал біздің облыстағы ахуал қалай? Облыстық психикалық денсаулық орталығының дерегі бойынша, 9 ай ішінде науқастар саны артпаса кемімеген. Жүйкенің «жауы» тек телефон емес. Орталықтың бөлім меңгерушісі Нурлан Нұрпейісовтің айтуынша, біріншіден, әлеуметтік жағдай, екіншіден, спортпен айналыспау, ауыр дерт, ота жасату жүйкеге айтарлықтай салмақ түсіреді. Өзгеші адамның да «қайғы келсе, құлай кетуге» бейім болатыны белгілі. Ал енді телефон санаға қалай әсер етеді?

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

некесі мен балалар этваназиясы осы жолмен насихатталуда. Байқадыңыз ба, бейкамдықтың кесірінен қисынсыз дүниенің өзі құндылыққа айналып кетуі мүмкін. Ал біз, байқамаймыз.

Кез келген ақпаратты, әсіресе, пайдасыз, жағымсызды көргізіп. Бізде «баласын тастап кетті», «жігіт қызға айналғысы келді» деген ақпараттар сұмдық «өтімді». Базірәулер әлеуметтік желімен аса маңызды дүниені жария еткендей жылдам таратқыш. Ал оның салдары оқыс оқиғаларға әкеледі. Жүйкесі әліс адамдарға ауыр тиікес. Бастысы, өзіңіздің де психологияңызды бұзып, өмірді әділетсіз, адам-

дарды қатығез етіп көрсете бермейсіз. Ал басқаларға сенімсіз, тек жамандықты көргіш, ойлағыш адамның өмірі жақсы бола ма? Жастардың жүйке ауруларына тап болуының бір себебі осы.

Әлеуметтік желінің біз ескермейтін тағы бір тұсы бар. Сіз желідегі адамдардың суреттеріне қарап не ойлайсыз? Әдетте, адамдар жұртшылыққа тек әдемі түр, бақытты сәттерін ғана жариялайтын ескеру керек. Ал, балалар, әсіресе, жастар суреттегі адаммен өзін жиі салыстырады екен. «Онда бар дүние менде неге жоқ» деуге бейім келеді. Күйзеліс, психологиялық қиындықтар

мұндай сұрақты өзіне жиі қоятын жастарда көп кездеседі.

ПСИХИАТРЛАР НЕГЕ
ЕМХАНАҒА
АУЫСТЫРЫЛДЫ?

Жүйке ауруларының себебін білу мақсатында «Облыстық психикалық денсаулық орталығына барғанымызда, «мұндай орталықтар дәрігерлерін таратып жатыр» деген хабардың анық-қанығын сұрадық. Шынығында, психиатрлар мен психологтар таратылмаған, тек жұмыс орны өзгеріп, 4 емханада ашылған алғашқы психикалық денсаулық орталығына бекітілген. Енді әрбір қала

ЖАСТАРДЫҢ ЖҮЙКЕСІ ЖҮН,
ЖІГЕРІ ҚҰМ. КІНӘЛІ КІМ?АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ
ЖӘНЕ «ОВЕРТОН
ТЕРЕЗЕЛЕРІ»

Қазір елімізде ағылшын тілін үйрену тенденциясы жүріп жатыр. Көпшілігі қызықтанып, алғашқы қарқыны қайтқан. Өзі ойлағандай бірден меңгеріп кете алмайды. Неге? Себебі мида ақпарат көп. Ғалымдардың айтуынша, қазір біз күніне 4000-ға жуық жаңалықпен танысады екенбіз. Әсіресе, жағымсыз ақпараттың жылдам тарайтынын ескерсек, ми пайдасыз информацияға толды деген сөз. Санаға қабылданған дүниені шығарып тастай алмайтынмыз белгілі. Бұл қаласқа та, қаламасақ та әлеуметтік желідегі чат, конференция, сайттардан келетін сілтемелердің әсері. Демек, біз ақпараттар ағынының әсерінен нағыз керек дүниені санаға қабылдай алмаймыз. Тілді де тез үйренбейміз. Ойлаған мақсатқа жете алмау, жағымсыз ақпаратты көп есту, білу психологияны өзгертеді.

Тез тарайтын, кеудені қорқыныш ұялатар ақпарат көп бүгінде. Әлем бойынша жағымсыз оқиғалардың жылдам таралуы, жастардың ұлтқа жат, адамзатқа пайдасыз тірлікке бой ұйретуі белгілі теория бойынша іске асуда. Оны ғылымда «Овертон терезелері» деп атайды. Джозеф Овертон есімді ғалым «адамдар ең жиірекінші деп санайтын дүниесін де басына тәж етіп кигізуге болады» деп мәлімдеген. Бірақ оған дейін алты терезесі, яғни қитұрқы теорияның алты сатысы бар. Айталық осы мақсаттағы топ кәсібиализмді насихаттап жатыр делік. Мұндайда алдымен «ерте замандарда адамдар бір-бірін етін жеген, ашаршылық кезеңде де бұл жағдай жиі қайталанған» деп ақпарат тарата бастайды. Өрине, мұндай хабар ешкімге ұнамайтыны белгілі, тыңдауға да тұрмайды. Бірақ осындай жаңалықты жиі, жылдам тарату арқылы алғашқы терезе ашылады. Екінші саты-

сында, мақсатты топ адамдары сөз еркіндігін пайдаланып, жиындарда да айта бастайды. Діттеген меңесі – бұл дүниеге елдің құлағын үйрету. Қалың көпшілік арасында бұл тақырыпты өбден сіністі етудің тағы бір амалы телеарна, БАҚ беттерінде талқылау болмақ. Сенсация жасау мақсатында ток-шоулар айтуға ауыз бармайтын жағдайды сөз етіп, арнайы ғалымдар шақырылып, пайдасы мен зияны «сараланады». Әлі де ел арасында қорқынышты, жиірекінші тақырып болғанмен, халық енді мұны бір-біріне жаңалық етіп айтатыны анық. Ал, ғалымдар бұл уақытта арнайы зерттеу жасап, тіпті адам ағзасына пайдасы бар дегендей мәлімдеме жасап үлгерді. Өйткені, ғалымдар деген елдің сенім күші. Тіпті бұл құбылыстың атауы бірнеше рет өзгеріп, ғылыми түрде басқа атау беріледі. Сондағысы адам санасына бұрынғыны ұмыттырып, жаңаша әсер ету. Өдістердің тиімділігі соншалық, адамдар шошыншып қараудың орнына, ғылыми жаңалықты өздері де тарата бастайды. Сонғы терезенің бірі елге танымал шоу-бизнес өкілдері, танымал тұлғалардың кәсібиализмді қолдап, пікір білдіруі болмақ. Енді «кәсібиализм» мына ел, осы қаладан табылыпты» дегендей ақпараттар жиілей бастайды. Болды, теория алты сатыдан өтті. Енді қитұрқы іс те қалыпты құбылысқа айналуды қиын емес. Кейінірек, бұл тақырып туралы сөйлеспейтін, қолдамайтын адамдар модаиетсіз, адам құқығын таптаушылар қатарына жатқызылмақ. Бұл тіпті өздігіннен жүретін процесс, өйткені, теорияның жүзеге асуына адамдардың өзі көмектеседі. Бүгінде, Еуропада бір жыныстылардың



ТАҚЫРЫПТАН ТҮЙЕР ОЙ:

Ғылымда «әр адам өзі көргісі келгенді ғана байқай алады» деген тұжырым бар. Біздің қоғамда да жақсы жаңалық, берекелі бастама көп. Бірақ жағымсыздына жұрт үйір. Жылдам қарап, жылдам жариялап жіберетін де – өзіміз. Есесіне, қазір қоғамның жүйкесі жұқа. Қатығез қылмыстың түрі көбейді. Ісімізді, ойымызды қадағалау соншалықты қиын ба? Тек, жақсылықты көре білсек, жария етсек, жағдай керісінше болмас па еді?

Бүгінде «қанағатты қазына, берекені байлық» деп ұғатындар аз. Адамдар арасында бәсекелестік күшейді, байлығын, білімін, сұлулығын басқаман салыстыратындар жиі кездеседі. Өлбетте, әсер етуші фактордың бірі – әлеуметтік желі. Жастар шынайы өмір мен виртуалды әлемнің екі түрлі боларын, өмірдің тек кофе, саяхат, тойдан тұрмайтынын түсінуі керек.

Психиатрға көрінуді ұят деп санайтындар көп. Тіпті, отбасын асырау үшін күзетші, дашыя болуға, жынында өз ойын айтуға ұялатындар бар. Бірақ, ол – ұятың емес, керітартпалықтың салдары. Сіз қалай ойлайсыз?

тұрғыны осы емханаларда психиатр мен психологқа көріне алады. Бұрын жағдай басқаша еді. Айталық, Ердока медициналық тексеруден өту кезінде, психиатрға жолдана беріпсе, ол бармауы мүмкін. Себебі, «Облыстық психикалық денсаулық орталығына» барып, психиатрға көріну «ұят». Ол мекемеде «нағыз жүйке ауруымен ауыратын адамдар емделеді» деген халық арасында түсінік бар. Бірақ, бойында нендей дерт барын білмей, күдікпен күн кешу кімге пайдалы, кімге зиян? Ұят пен надандықты шатастырмау керек. Сол үшін пациенттер дәрігерге дер кезінде қаралсын деп, орталық емханаларға арнайы психиатр мен психолог бекіткен.

Республика бойынша «Облыстық психо-неврологиялық аурухана» деген атаудың «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» деп өзгертілуінің де себебі осында. Орталық атауының өзі айтқанда қолайсыздық тудырмауы қажет.

Айтқандай, дәрігерлермен әңгімелесе жүріп, бүгінде ауруханаға психиатр дәрігер жетпейтінін білдік. Рас, бұл сала сабырлы мінез, төзім қажет етеді. Бірақ болашақ дәрігер, қазіргі студенттер мұны ескерсе, елге тиімді іс болар еді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы облыс тұрғындары үшін АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ ҰСЫНАДЫ.

Кәсіпкерлерді ақпараттық қамту қызметі әрекет етуші және кәсіпті жаңадан бастаған кәсіпкерлерге, сонымен қатар кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға облыстың барлық аудандарында орналасқан Кәсіпкерлерді қолдау орталықтарында көрсетіледі.

Келесідей қызмет түрлері ұсынылады:

- 1) Орта және шағын кәсіпкерлікті, кәсіпін жаңадан бастағысы келетін тұрғындарды мемлекеттік қолдау жайлы ақпараттандыру;
- 2) Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдаудың «Бір терезе» ұстанымы негізінде мемлекеттік қаржылай емес көмек түрі;
- 3) Орта және шағын кәсіпкерлік, жаңадан басталатын кәсіпкерлік субъектісіне мемлекеттік қаржылай емес көмекті функционалды түрде жүзеге асыру;
- 4) Қаржылай емес көмекті алу үшін шағын және орта кәсіпкерлерден және кәсіпкерлікті жаңадан бастағысы келетін тұрғындардың арызын жинау;
- 5) Кәсіпкерлікпен айналысу үшін, оны ашу және жүргізуге кеңес беру қызметі;
- 6) Қаржылық институттарымен жұмыс жасау талаптары түсіндіріледі.

ҚЫЗМЕТТЕР АҚЫСЫЗ ТҮРДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ

Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының мекен-жайлары: Арал ауданы – Арал к., Бактыбай батыр к-сі, №46 үй, тел.: 8/72433/79199;

Қазалы ауданы – Өйтеке би кенті – Өйтеке би к-сі, №9 үй, тел.: 8/72438/79243;

Қазалы ауданы – Қазалы қаласы – Жалантөс баһадүр к-сі, №23 үй, тел.: 8/72433/79199;

Қармақшы ауданы – Жосалы кенті, Көшербаев к-сі, №36 үй, тел.: 8/72437/79120;

Жалағаш ауданы – Жалағаш кенті, Қазыбек би к-сі, №47 үй, тел.: 8/72431/79199;

Сырдария ауданы – Теренөзек кенті, Қонаев к-сі, №12 А үй, тел.: 8/72436/79179;

Шиели ауданы – Шиели кенті, Рысқұлов к-сі, №5 үй, тел.: 8/72432/79255;

Жаңақорған ауданы – Жаңақорған кенті, А.Иманов к-сі, №134 «а» үй, тел.: 8/72435/79120;

Қармақшы ауданы – Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы №16, тел.: 8/33622/23527.

Анықтама үшін телефон: 40-08-74, 40-02-02. Call-Center - 1432 ***

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы «Кәсіпкерлер үшін сервистік қолдау» компонентінің жүзеге асырылып

ЖАТҚАНДЫҒЫН ХАБАРЛАЙДЫ.

Ұсынылатын қызмет түрлері:

1. Бухгалтерлік және салық есептілігін жүргізу, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасау қызметтері;
2. Келен рәсімдері бойынша қызметтер;
3. Кәсіпкерлердің және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындардың өтінімдерін сүйемелдеу;
4. Заң қызметтері;
5. Маркетинг сұрақтары бойынша қызметтер;
6. Ақпараттық технологиялардың қызмет көрсетуі салауында кеңес беру қызметтері;
7. Мемлекеттік сатып алулар, ұлттық компаниялар мен жер қойнауын қолданушылардың сатып алулары бойынша қызметтер;
8. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы қызметтер.

ҚЫЗМЕТТЕР АҚЫСЫЗ ТҮРДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ

Жоғарыда көрсетілген қызмет түрлерін Қызылорда қаласы, Жайтқосан көшесі, 42 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасына алуға болады.

Сондай-ақ, жоғарыда аталған қызмет түрлері бойынша www.services.atameken.kz порталы арқылы онлайн түрде көмек алуға болады.

Облыс аудандарындағы Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының филиалындағы Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарында қызмет түрлері кәсіпкерлер өтініші бойынша көрсетіледі.

Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының мекен-жайлары: Арал ауданы – Арал к., Бактыбай батыр к-сі, №46 үй, тел.: 8/72433/79199;

Қазалы ауданы – Өйтеке би кенті – Өйтеке би к-сі, №9 үй, тел.: 8/72438/79243;

Қазалы ауданы – Қазалы қаласы – Жалантөс баһадүр к-сі, №23 үй, тел.: 8/72433/79199;

Қармақшы ауданы – Жосалы кенті, Көшербаев к-сі, №36 үй, тел.: 8/72437/79120;

Жалағаш ауданы – Жалағаш кенті, Қазыбек би к-сі, №47 үй, тел.: 8/72431/79199;

Сырдария ауданы – Теренөзек кенті, Қонаев к-сі, №12 А үй, тел.: 8/72436/79179;

Шиели ауданы – Шиели кенті, Рысқұлов к-сі, №5 үй, тел.: 8/72432/79255;

Жаңақорған ауданы – Жаңақорған кенті, А.Иманов к-сі, №134 «а» үй, тел.: 8/72435/79120;

Қармақшы ауданы – Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы №16, тел.: 8/33622/23527.

Анықтама үшін телефон: 40-08-74, 40-02-02. Call-Center - 1432.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда қалалық полиция басқармасында азаматтар жазған арыз-шағымдарының жүргізілу барысы, қай қызметкер жауапты екені және қандай жұмыстар атқарылып жатқаны туралы толық ақпаратты тәулік бойы осы байланыс нөмірі арқылы біле аласыз: 27-42-06 «сенім телефоны».

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Ғ, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» – ақыл қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28684
Тапсырыс №1726